ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
И ЗАЩИТЕ КОНКУРЕНЦИИ
МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ
ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

"22" 11 2016 ж.г. №155-НК

Қызылорда қаласы город Кызылорда

**«Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының суды магистралдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифті және тарифтік сметасының шекті деңгейін және салқын суды есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін төлем ақы мөлшерін бекіту туралы**

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-3) тармақшасына, 14-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 15-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі №213-НҚ бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 19 тамыздағы №8625 тіркелген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының суды магистралдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифтің шекті деңгейі 2017 жылғы 1 ақпанынан - 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығына қолданысқа енгізе отырып, осы бұйрыққа берілген 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының салқын суды есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін төлем ақы мөлшері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының суды магистралдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифтік сметаларды, осы бұйрыққа берілген 3- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. «Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының суды магистралдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2012 жылғы 31 мамырдағы №56-НҚ бұйрығының және «Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының суды магистралдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің

000368

2016 жылғы 30 маусымдағы №73-НҚ бұйрығының 2017 жылдың 1 ақпанынан бастап күші жойылсын.

5. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (К.Кеншембаева) осы бұйрықты «Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының назарына жеткізсін.

6. «Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы тарифтің енгізілуі туралы ақпаратты тұтынушыларға тарифті қолданысқа енгізуге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабарласын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

8. Осы бұйрық, 2017 жылғы 1 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-4-тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Департамент басшысы** **Н. Пірімов**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №155-НҚ бұйрығына
№ 1-қосымша

«Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне 2017 жылдың 1 ақпанынан бастап 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданысқа енгізілетін тарифтердің шекті деңгейлері

| Рет саны | Қызмет атауы | өлшем бірлігі | Тариф (теңге) ҚҚС-сыз |
|---|---|---|---|
| 1 | Суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне | 1 текше метрге/теңге | 518,49 |

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 155-НҚ бұйрығына
№ 2-қосымша

**«Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне салқын суды есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін, төлем ақы**

| №рет саны | ТМС атауы | реттелетін коммуналдық қызмет түрлері | өлшем бірлігі | бекітілген тариф, теңге ҚҚС-сыз | бекітілген тұтыну нормасы | 1 айға төлем ақы мөлшері, ҚҚС-ыз |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қазсушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы | | | | | |
| | -көшелердегі су ағалардан суды тұтыну нормасы | сумен жабдықтау, 1 текше метр | 1 адам | 518,49 | 50л/тәулік | 788,54 |
| | -су құбыры бар кәріз жүйесі жоқ суды тұтыну нормасы | сумен жабдықтау, 1 текше метр | 1 адам | 518,49 | 120л/тәулік | 1892,49 |